

## 2012 жылға Ақсу қаласы халқының нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақсу қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы N 83/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 21 ақпанда N 12-2-192 тіркелді. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімі аппаратының 2014 жылғы 06 қазандағы N 1-22/1253 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімі аппаратының 06.10.2014 N 1-22/1253 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзін басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағына сәйкес Ақсу қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға Ақсу қаласының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы бойынша еңбекке шектеулігі бар адамдар;
- 2) 50 жастан асқан адамдар;
- 3) ұзақ уақыт (бір жылдан аса) жұмыс істемеген адамдар;
- 4) отбасында бір де бір жұмыс істейтін адамы жоқ адамдар;
- 5) 29 жасқа дейінгі жастарды қоса алғанда;
- 6) туберкулезбен ауыратын науқастар;
- 7) бұрын жұмыс істемеген адамдар (жұмыс өтілі жоқтар).

2. Ақсу қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 1 ақпандағы N 39/1 "Ақсу қаласы халқының нысаналы топтары туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде N 12-2-128 болып тіркелді, 2010 жылғы 20 наурызда N 23 "Ақжол-Новый путь" қалалық газетінде жарияланған) және 2010 жылғы 9 сәуірдегі N 210/3 "Ақсу қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 1 ақпандағы "Ақсу қаласы халқының нысаналы топтары туралы" N 39/1 қаулысына толықтыру енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеудің тізілімінде N 12-2-138 болып тіркелді, 2010 жылғы 28 сәуірде N 34 "Ақжол-Новый путь" қалалық газетінде жарияланған) қаулыларының күші

